



**Тақырыбы №2. Фармацевтикалық
бөлшектік сауда буынын регламенттеу және
ұйымдастыру. Дәріхана ашудың және оны
орналастырудың негізгі қағидалары.**



Мақсаты:

- ❖ Студенттерге ҚР дәрілік заттар саясатының және фармацевтикалық қызметтің құқықтық негізін регламенттейтін заңдылық-нормативті құжаттар туралы түсінік беру.
- ❖ Студенттерді дәрілік заттардың, медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдардың бөлшек сауда звеносының қызметін ұйымдастыру туралы түсінік беру және дәрілік заттарды қабылдау, сақтау, босатуға дайындау және босату бойынша жүйелік білімдер қалыптастыру.
- ❖ Студенттерді дәріханалық ұйымдардың квалификациялық талаптармен таныстыру.



Дәріс тезистері:

XXI ғасырда еліміздің экономикалық алдының стратегиялық міндеттері халықтың денсаулығын нығайтуды талап етеді. Халық денсаулығы елдің ұттық қауіпсіздігі мен өркендеуін қамтамасыз ететін негізгі фактор болып саналады. Осыған байланысты мемлекетіміз республика халқының денсаулықтарын сақтауға кепілдіктер береді.



Әр адамның денсаулығы барлық Республика тұрғындарының денсаулықтарының құрамды бөлігі бола отырып, олардың мүмкіншіліктері мен толыққанды өмір сүрулерінің факторы. Сондықтан да халық денсаулығының деңгейі еліміздің экономикалық, әлеуметтік, мәдени және индустриялық дамуына тікелей әсерін тигізеді.



Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің алға қарай дамуы реформалану стратегиясының негізінде жүргізіледі. Денсаулық сақтау саласын реформалаудың бағыттары халықаралық денсаулық сақтау ұйымының (ХДҰ) «XXI ғасырда барлығына денсаулық» стратегиясы принциптеріне сәйкес Қазақстанның барлық тұрғындарының денсаулықтарын жақсарту шараларын ескере отырып анықталады.



Денсаулық сақтау саласын реформалаудың стратегиялық бағыттарына келесілер жатады:

- денсаулық сақтау салаларының даму саясатын негіздеу;
- денсаулық сақтау саласын реформалаудың құқықтық-нормативтік базасын қалыптастыру;
- денсаулық сақтау саласының мемлекеттік демонополизациялау;
- денсаулық сақтау саласын дамытуды жүзеге асыруда басқару жүйесін децентрализациялау;
- тиімді және үнемді медициналық технологияларды пайдалану;
- денсаулық сақтау саласын қаражаттандыру жүйесін реформалау;
- денсаулық сақтау жүйесінің құрылымдық қайта құрылуын бірінші медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді дамытудың басымдылығын ескерту;
- медициналық және фармацевтикалық мамандарды даярлаудың жаңа конценциясын қалыптастырып жүзеге асыру.



Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласының реформалау және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлкеттік бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- «Халақтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі қабылданды;
- кепілді көлемде ақысыз медициналық көмек көрсетудің минималды стандарттары жасалынды;



- **2006-2010 жылдарда Қазақстан Республикасында ана мен бала өлімін төмендету, қан құю жүйелері жұмысын жақсарту, имундық жетіспеушілік эпидемиясына қарсы тұру, кардиологиялық және кардиохирургиялық жүйені дамыту бағыттарында салалық бағдарламалар жасалып жүзеге асырылды;**
- **ел шекараларында санитарлық күзет жүйесі қалыптастырылды. Шекарадағы санитарлық-карантиндік пункттер елімізге аса жұқпалы инфекциялық аурулардың таралуына тосқауыл қойып, ел территориясын сақтандырады;**



- балалар мен ересек тұрғындарды профилактикалық тексеруден өткізуді және жалпы дәрігерлік тәжірибе принциптерін сақтай отырып, бірінші медициналық-санитарлық көмек көрсету жүйесін реформалау жүргізілді;
ақысыз және жеңілдетілген дәрі-дәрмектік көмек көрсету көлемі ұлғайды;
- 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Бірыңғай ұлттық денсаулық жүйесі (БҰДЖ) сатылап енгізілуде. БҰДЖ науқастарға ерікті түрде дәрігерлер мен медициналық ұйымдарды таңдауға мүмкіншіліктер бере отырып, медициналық қызмет көрсетуде бәсекелестік ортаны қалыптастырады;



- Бүкіләлімдік Банкімен бірлесе отырып «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында институционалдық реформа жүргізу» жобасы жүзеге асырылуда;
- Республикада дәрілік заттарды дистрибуциялау жүйесінің Бірыңғай жүйесі енгізілді;
- денсаулық сақтау және фармацевтикалық жүйелерінде республикалық, аймақтық ақпараттық-аналитикалық орталықтарды ашу арқылы ақпараттық технологиялар енгізілуде.



Қазақстан Республикасында 2007 жылдан бастап медициналық ғылымды реформалау Концепциясы жүзеге асырылуда. Аталған концепцияға сәйкес республикада медициналық ғылымды басқаруды жақсарту шаралары жүргізілуде. Медициналық ғылыми ұйымдардың көпшілігі еркіндік алу мақсатында шаруашылық жүргізу құқығына ие мемлекеттік кәсіпорындар статусына көшірілді. Ғылыми – білім беру тәжірибелік медициналық және фармацевтикалық кластерлер құрылуда.



Қазақстан Республикасында нарықтық экономика жағдайына бейімделу мақсатында фармацевтикалық саланы реформалау процесі жүргізілуде. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін жүзеге асыруда дәрілік заттардың, медицина бұйымдарының және медициналық техникалардың айналымы саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер жасалынды. Мемлекеттік тарапынан көрсетіліп отырған қолдау сапалы фармацевтикалық өнім, тауарлардың номенклатуралары мен өндіріс көлемін жылсайын өсіруді қамтамасыз етуге бағытталған. Дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз ету, тіркеуден өткізу және сертификаттау жұмыстары реттелінді.



Фармацевтикалық жүйенің нормативтік-құқықтық актілері Еуропалық кеңес елдеріндегі нормаларға сәйкестендіру жұмыстары жүріп жатыр. Қазақстан Республикасы Еуропалық фармкопейалық комиссиясының ресми байқаушысы және дәрілік заттардың қосалқы әсерін мониторингілеудің Халықаралық БДҰ бағдарламасының толық құқықты қатысушы-мемлекеті ретінде ресми тіркелді.



Әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып жасалған дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды дистрибуциялаудың Біріңғай жүйесі фармацевтикалық тауарларды сатып алуға жұмсалатын қаражатты үнемдеп, отандық дәрілік заттарды тұтыну көлемінің өсуіне ықпал жасады.



Қазіргі кезде ақысыз медициналық көмек (ККАМК) көрсету тізбегіне сәйкес сапалы фармацевтикалық өнім, тауарлардың жеткіліктілігін қамтамасыз етуге бағыттылған ұлттық дәрі-дәрмектік саясаттың жобасы жасалуда. Бүгінгі күні Кеден одағына мүше – елдердің бірлескен фармацевтикалық нарығын дамыту мәселесі көтеріліп отыр. Кедендік одақ аясында халықаралық нарыққа шығуда, одаққа мүше елдердің өндіретін дәрілік заттарының бәсекелестікке қарсы тұру қабілетін жоғарлатып, фармацевтикалық нарықты интенсивті түрде дамыту міндеті тұр.



ҚР дәрілік заттар саясатының және фармацевтикалық қызметтің құқықтық негізін регламенттейтін заңдылық-нормативті құжаттар:

1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 1729 Қаулысы.
2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 4 қарашадғы № 786 Бұйрығы.



3. Есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы объектілер мен Үй-жайларды пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 қарашадағы № 1312 қаулысы.
4. Дәрілік заттарды рецептпен немесе рецептсіз өткізуге жатқызу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1460 қаулысы.
5. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілердің Үлгілік ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1565 қаулысы.



6. Этил спиртін сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1572 қаулысы.

7. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы олардың қауіпсіздігінің, тиімділігі мен сапасының сақталуы қамтамасыз етілетін жағдайларда сақтау мен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 1595 қаулысы.

8. Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1691 қаулысы.



9. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1693 қаулысы.

10. Өткізуге және медициналық қолдануға жарамсыз дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы жою қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 қаңтардағы № 26 Қаулысы.

11. Дәрілік препараттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 60 қаулысы.

12. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 91 қаулысы.



10. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1693 қаулысы.

11. Өткізуге және медициналық қолдануға жарамсыз дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы жою қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 қаңтардағы № 26 Қаулысы.

12. Дәрілік препараттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 60 қаулысы.

13. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 91 қаулысы.



14. Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 114 қаулысы.

15. қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиіс есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 396 қаулысы.

16. Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 71 қаулысы. Лицензиялау туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы N 214 Заң (2012.12.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

17. Қазақстан Республикасының кодексі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі (2012.27.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).



18. Фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда аудан орталықтарынан шалғайдағы елді мекендерде дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды бастапқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері арқылы және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы өткізуді іске асыру Үшін медициналық білімі бар мамандарды аттестаттау ережесін бекіту туралы қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 9 қазандағы N 515 Бұйрығы.

19. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы шығару және олардың сапасын бақылау, сондай-ақ тұрақтылығына сынақтар жүргізу және сақталу мерзімі мен қайта бақылау мерзімін белгілеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1459 Қаулысы.



20. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы таңбалау қағидаларын бекіту және "Дәрілік заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 шілдедегі № 712 қаулысына өзгерістер енгізу туралы қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1692 қаулысы.

21. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (2014.02.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). ҚР Президентінің жарлығы.

22. Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 791 Қаулысы (2013.31.12. берілген өзгерістермен)



Әдебиет:

Негізгі:

Управление и экономика фармации: учебник / под ред. В.Л. Багировой. – М., 2008.

Организация и экономика фармации: учебник / под ред. И.В. Косовой. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Академия 2004. – 400 с.

Қосымша:

Максимкина Е.А. Стандартизация и обеспечение качества лекарственных средств: учебное пособие. – М., 2008.

Криков В.И. Организация и экономика фармации: учеб. для фармац. ин-тов и фармац. фак. Мед.ин-тов. – М., 1991.

Умурзахова Г.Ж. Правила обслуживания потребителей фармацевтических услуг и критерии их оценки. Планирование дополнительной сезонной потребности в фармацевтических кадрах методические рекомендации. – Шымкент: Б. и., 2011.

Автоматизированная и адаптированная программа по управлению фармацевтическими товарами. методические рек. / К.Д. Шертаева [и др.]. – Шымкент: ЮКГМА, 2009.

Организационные вопросы осуществления фармацевтической деятельности в объектах розничной реализации лекарственных средств: методические рек. / сост. А.Д. Ахимова [и др.]. – Шымкент, 2009.

Разработка методических подходов к оптимизации информационного обеспечения специалистов (врачей и фармацевтов) – на основе компьютерных технологий: методич.рек. / К.Д. Шертаева [и др.]. – Шымкент, 2008.



Бақылау сұрақтары: (Кері байланыс)

- .ҚР халқының денсаулығын сақтау заңдылығының конституциялық негізі, мәні?
- .ҚР азаматтарының денсаулықтарын сақтаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздері?
- .Дәрілік заттар айналысы саласында қоғамдық қатынастардың реттелуі?
- .Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау және фармация салаларын нормативтік-құқықтық реттеу құжаттары?
- .Дәрілік заттар айналысы саласындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттері.
- .Дәрілік заттардың айналысын қалай түсінеміз?



*Назарларыңызға
рахмет!*